

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№1 (122) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 40 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Мазмұны

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жады ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты	71
<i>Латанова Р.У., Заркешеева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы	162

Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот»	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец»	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощания казахского и турецкого языков	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой	162

Contents

<i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i> Interrelation of precedent texts and intertextuality	8
<i>Aimoldina A.A.</i> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying	14
<i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research	20
<i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class	32
<i>Japanova M.E.</i> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov	37
<i>Zhumsakbayev A.T.</i> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings»	46
<i>Zhumataev E.</i> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece	50
<i>Zilinka M.N.</i> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov	58
<i>Kadyskyzy A., Khassenova R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i> Oralman in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation	64
<i>Kasymova A.A.</i> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages	71
<i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan	76
<i>Meirambekova L.K., Seiitova Sh. B., Esengaliyeva A.M.</i> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group	81
<i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i> Formation of Nogai literary language	88
<i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education	105
<i>Orazbayeva E.S.</i> Analysis and translation of cancer terms	112
<i>Otelbay G. T.</i> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages	119
<i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin	125
<i>Seiitova Sh. B.</i> Informational motives of some ethnonyms	132
<i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i> The study of exclamatory sentences of the kazakh language	138
<i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i> Phonetic interpretation of the language without translation	143
<i>Sharipova G.A.</i> Islamic Universum of Culture	147
<i>Sharip A.Zh.</i> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features	151
<i>Shokabayeva S.</i> Connection of word-formation with phones	162

2 Kaidarov A.T. *Struktura odnoslzhnyh kornei I osnov v kazahskom yazyke* [Structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language] (Nauka, Alma-Ata, 1986, 328 s.)

3 Baskakov N.A. *Istoriko-tipologicheskaya fonologiya turykskih yazykov* [Historical-typological phonology of Turkic languages]. (Nauka, Moskva, 1988. s. 7 208).

4 Tuimebaev Zh.Q., Yeskeyeva M.Q. *Kone turki zhazba eskertkishteri tilinin morfologiyalyq zhuiesi (VII-IX gg.)*. [Morphological system of ancient Turkic inscriptions (VII-XIX centuries)]. (Arys, Astana, 2013. 360 p.)

Қысқартулар:

башқ. - башқұрт тілі

каз. - қазақ тілі

қар. - қарайым тілі

ққалп. - қарақалпақ тілі

ноғ.- ноғай тілі

V - Vowel – дауысты

C - Consonant – дауыссыз

A - ауыспалы мағына

құм. - құмық тілі

тат. - татар тілі

ЭСТЯ I-III Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков.* – Москва: Наука, I том, 1974. - с. 767; II том, 1978. - с. 349; III том, 1980. – с. 395.

ЭСТЯ IV-VII Левитская Л.С., Дыбо А.В., Рассадин В.И. *Этимологический словарь тюркских языков.* Тома IV-VII.

Общетюркские и межтюркские основы на буквы Ж, Ж, Й, К, Қ, Л, М, Н, П, С. – Москва: Языки русской литературы, 1989, 1997, 2000, 2003. – с. 292, 368, 261, 474.

Авторлар туралы мәлімет:

Мейрамбекова Л.К. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Сейтова Ш.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан.

Есенғалиева А.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш. 2, Астана, Қазақстан.

Meirambekova L.K. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

Seitova Sh. B. – Doctor of Philological sciences, professor, Kazakh humanitarian- juridical innovation university, Semey, Kazakhstan.

Esengaliyeva A.M. – Candidate of pedagogical sciences, associate professor of foreign language department, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Satpayev str. 2

FTAMP 16. 31. 02.

Н.Қ. Матбек¹, Р.К. Садықова²

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: nursulumatbek@gmail.com¹, roza.sadikova@mail.ru²)

Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы

Андатпа. Мақалада Ресей Федерациясында, ТМД-ының кейбір аймақтарында және шетелде мекендейтін байырғы түркі халықтарының бірі – ноғайлардың әдеби тілінің қалыптасып даму тарихы, тарихи кезеңдердегі мәртебесі қарастырылады. Ресейдегі түркі халықтарының тілдеріне қолданылып отырған сая-

сат, қазіргі ноғай әдеби тілінің қолданылу ауқымы мен аясы, қоғамдық-әлеуметтік қызметі, дамуының негізі талданады. Ноғай тілі әліпбиінің қалыптасуы, фонетикалық және лексикалық ерекшеліктері, зерттеушілері жайлы айтылады. Ноғай тілінің қазақ және қарақалпақ тілдерімен туыстық тамырының тереңде екендігі, үш халықтың әдебиетінің түп тамырларының да бір, ежелгі ақындардың да үш халыққа ортақ екендігі сөз етіледі. Ноғай тілінің бүгінгі жағдайы, оқытылу деңгейі, қоғамдық-саяси өмірдегі мәртебесі және болашағы зерделенеді. Ноғай тілі ақпараттық кеңістіктен ығысып, тұрмыстық саладан да шеттетілуінің себептері аталады. Ноғай тіліндегі ұлтаралық, кеңестік (орыс тілі арқылы енген), сондай-ақ орыс тілінен енген сөздер біршама. Бұл сөздер ноғай лексикасының барлық салаларында кездесетіндігімен ерекшеленеді. Орыс тілі арқылы енген сөздердің жалпы үлесі араб-парсы тілдерінен енген сөздермен салыстырғанда, айтарлықтай жоғары. Ауыл халқымен салыстырғанда, қала тұрғындары сөзінде олардың жиірек кездесетіндігі байқалады. Ақ ноғай диалектінде орыс тілінен енген сөздердің үлесі басым болса, ноғай диалектісі мен қараноғай диалектінде олардың мөлшері біршама төмен.

Түйін сөздер: әдеби тіл, тарихи кезең, даму, ноғай тілі, түрік халықтары, ноғай тілінің фонетикалық және лексикалық ерекшеліктері.

Кіріспе. Ноғай тілі – Ресей Федерациясының Астрахан облысын, Дағыстан Республикасын, Қарашай-Черкес Республикасын, Ставрополь өлкесін, Түмен облысын, Шешен Республикасын мекендейтін Еуразияның байырғы халықтарының бірі – ноғайлардың ана тілі. ТМД елдерінде, атап айтқанда, Қазақстанда, Украинада (Қырым Автономиялық Республикасы) бірнеше мың ноғай өмір сүреді. Ноғайлар ТМД мен РФ-дан өзге шетелдерде, мысалы: Румынияда (Добруджа, 30 мыңға жуық), Болгарияда (5 мыңға жуық), Түркияда (2 млн-ға жуық) өмір сүреді. Сондай-ақ, ноғайлар Польша, Литва және Еуропаның бірқатар елдерінде де аз емес. Түркия мен Румынияда XVIII-XIX ғасырларда қоныс аударған ноғайлардың ұрпақтары өмір сүруде, олар, негізінен, қоршаған түркі тектес тұрғындардың, яғни түріктер мен румын татарларының этникалық ұқсастығын қабылдағанымен, өздерінің ноғайлық тегін ұмытпаған. Ноғайлардың ұрпақтары қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, татар, әсіресе башқұрттар мен қырым татарлары арасына сіңісіп кеткен. Соңғы онжылдықта ірі ноғай диаспоралары Ресейдің біршама аймағында – Мәскеуде, Санкт-Петербуркте, Ямало-Ненецк автономиялық округінде, Ханты-Мансий автономиялық округінде пайда болды.

Ноғай Ордасында (XIV-XVIII ғғ.) ноғай тілі дипломатиялық келіссөздер жүргізілген мемлекеттік тіл деңгейінде болғанын тарихи құжаттар дәлелдейді. XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін ноғай тілі Солтүстік Кавказда ұлтаралық қарым-қатынас тілі қызметін атқарған. XVIII ғасырдың соңында Ресейдің аймақтағы белсенді саясатының нәтижесінде Ноғай мемлекеті ыдырады. Ноғай этносының таралу аймағы тарыла бастады. Кеңес Одағы кезінде ноғайларға өз мемлекеттілігіне және автономиялық мәртебе алуларына рұқсат етілмеді. Ноғай халқының елеулі бөлігі 1957 жылы әкімшілікті түрде Дағыстан, Шешен-Ингуш және Ставрополь өлкесі аймағына бөлініп кеткен Ноғай даласында орналасқан.

Зерттелуі. Ғалымдар ресейлік ноғайларды бірнеше этнографиялық топқа: қараноғай, ақсай-сулақ, ащықұлақ, кубань, құм және астрахан ноғайлары деп бөледі [1, 4 б.]. Ноғай тілі түркі тілдері жүйесіне жатады. Ноғай тілі жазуы көне түркі, ұйғыр-найман жазуымен байланысты. XVIII ғасырдан 1928 жылға дейін ноғай әліпбиі араб графикасына, 1928 жылдан латын, 1938 жылдан орыс графикасына негізделген. 1928 жылы жалпыодақтық латындастыру жобасы аясында латыншаға негізделген ноғай әліпбиі жасалды. Оның авторы Ащықұлақ орта мектебінің мұғалімі Абдулхамид Шершенбиевич Джанибеков болды. 1929 жылы бұл алфавитпен алғашқы ноғай әліппесі жарық көрді. 1930 жылдардың аяғында КСРО-да жазуды кириллшеге ауыстыру үдерісі басталды.

Негізгі бөлім: Қазіргі ноғай әліпбиі 33 орыс алфавитінің әріптерінен және 4 арнайы әріптен тұрады. Содан бері ноғай әліпбиі төмендегідей нұсқада қолданылып келеді: А а, Аь аь, Б б, В в, Г г, Д д, Е е, Ё ё, Ж ж, З з, И и, Й й, К к, Л л, М м, Н н, Нь нь, О о, Оь оь, П п, Р р, С с, Т т, У у, Уь уь, Ф ф, Х х, Ц ц, Ч ч, Ш ш, Щ щ, Ъ ъ, Ы ы, Ь ь, Э э, Ю ю, Я я. Жазушы Иса Капаев өзінің «Бессмертная степь» атты тарихи эссесінде: «Кириллица – ноғай

тілі үшін аса қолайлы алфавит емес. Барлығы латын алфавитінің артықшылығын атап көрсетеді. ...Балалар мектепте ана тілін үйрену барысында «В» әрпі кездесетін сөздерді дұрыс оқуда зор қиындыққа кезігуде. Жасы үлкен жұртшылыққа да қатысты. Мысалы, «авыл» деп жазылады, «ауыл» деп оқылады, «сав» деп жазылады, «сау» деп оқылады, «саавле»-деп жазылады, «сәуле» деп оқылады т.б. Түріктер қазіргі ноғай әдебиеті басылымдарына қызығушылық білдірсе, олар кітаптарды таңғала оқиды. Өз бетінше, түсіндірмесіз, ноғай тілін оқу мүмкін емес. Қазіргі ноғай тілін ұғудан ежелгі шумерлердің тілі түсініктірек болар. Қазіргі түрколог-ғалымдар осы мәселемен айналысуда...» -деп атап көрсетті [2, 60 б.].

Ноғай тілі туралы ғылыми-зерттеулер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарық көре бастады. Оларға мына еңбектерді жатқызамыз: М.Османов «Ноғай және құмық мәтіндері» (араб әрпімен жарыққа шыққан) (1883); профессор П.А. Фалев «Ақ-көбек туралы ноғай ертегісі» (Ресей Ғылым академиясы жанындағы Антропология және этнография мұражайының жинағы, Петроград, 1918); осы автордың «Ноғай эпосындағы араб новелласы» (Симферополь, 1915) мен «Ставрополь губерниясындағы ноғай халқы ауыз әдебиеті шығармаларының жазбалары» (Орыс археология қоғамы Шығыс бөлімшесінің жазбалары, 1916) және «Түркі әдебиеті мен тілін зерттеуге кіріспе» (Ташкент, 1922) еңбектері.

Ноғайтанудағы біршама жетістіктерге қарамастан, ноғай тілі – түркі тілдерінің ішіндегі аз зерттелген тілдердің бірі. Ноғай тілін зерттеуге ғалымдар Н.А.Баскаков [3], С.А.Калмыкова [4] елеулі үлес қосты. Н.А.Баскаков ноғай тілінің үш диалектісін көрсетеді: **ноғай** (Ставрополь өлкесі), **қараноғай** (Дағыстан) және **ақноғай** (Қарашай-Черкес) [3, 4 б.]. Бұл диалектілердің өзара айырмашылықтары да, ұқсастықтары да бар. Ақноғай диалектісіне қарағанда Ноғай диалектісі мен Қараноғай диалектісі арасындағы ұқсастық көбірек.

Қазіргі ноғай әдеби тілі қазақ тілінен фонетикасымен (жеңілдетілген және солтүстік-кавказдық тілдерге тән ерекшелігімен), лексикасымен – парсы, араб және солтүстік-кавказ тілдері мен орыс тілдерінен енген сөздерінің көптігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар қазақ тілінде жойылған кейбір ноғай-қыпшақ тілдеріне тән ерекшеліктерді сақтап қалған. Ноғай мен қазақтың түпкілікті ажырауына, салыстырмалы түрде алғанда, аса көп уақыт өте қоймаған, ол жоңғар-қалмақ шапқыншылығы кезеңіне сай келеді.

Ноғай тілі сөздік қорында, түркі тілі жүйесіне жататын байырғы сөздерден басқа, өзге тілдерден енген көптеген сөздер кездеседі. Біріншіден, ислам дінімен бірге келген араб-парсы, екіншіден, ұлтаралық-кеңестік, сондай-ақ орыс тілінен енген сөздердің үлесі көп. Сонымен бірге көршілес және түркітүбірлес сөздердің де жекелеген ноғай тілі диалектілеріне ықпалы байқалады. Мәселен, ақноғай диалектісіне – қарашай, черкес, ал қараноғай диалектісіне құмық тілінің әсері елеулі деңгейде.

Араб-парсы лексикасының диалектілер шегіндегі ықпалы да түрліше. Ноғайдың өз диалектісі мен қара ноғай диалектісінде араб пен парсы сөздері жиі кездессе, ақ ноғай диалектісінде олардың үлесі біршама төмен. Араб, парсы тілдерінен енген сөздерді мағынасы бойынша келесідей топтарға бөлуге болады: 1) дінге, ғибадат етуге байланысты араб сөздері (Алла, Құран, абыз, адал, арам т.б.); 2) алғашқыда дінге қатысты енгенімен, кейіннен басқаша мағынаға ие болған араб сөздері (ақиқат, сабыр, әділ, жауап, адам, хат т.б. көптеген сөздер). Парсы тілінен енген сөздер: Құдай, жан, алмұрт, заһар, гүл т.б. Сонымен бірге парсы тілінен «һәм», «әр» секілді шылаулар да енген. Жалпы, ноғай тіліне енген араб-парсы сөздері үлесі 4-5%-ды құрайды.

Ноғай тіліндегі ұлтаралық, кеңестік (орыс тілі арқылы енген), сондай-ақ орыс тілінен енген сөздер біршама. Бұл сөздер ноғай лексикасының барлық салаларында кездесетіндігімен ерекшеленеді. Орыс тілі арқылы енген сөздердің жалпы үлесі араб-парсы тілдерінен енген сөздермен салыстырғанда, айтарлықтай жоғары. Ауыл халқымен салыстырғанда, қала тұрғындары сөзінде олардың жиірек кездесетіндігі байқалады. Ақ ноғай диалектісінде орыс тілінен енген сөздердің үлесі басым болса, ноғай диалектісі мен қараноғай диалектісінде олардың мөлшері біршама төмен.

Ноғай тілі диалектілерінің арасындағы лексикалық айырмашылықтарды келесідей топтарға бөлуге болады: 1) кейбір ұғымдар мен сөздердің бір диалектіде кездесіп, басқаларында кездеспейді. Бұл топтағы сөздерге, негізінен, өсімдіктер, жануарлар мен жәндіктердің аттары жатады; 2) бір ұғымға түрлі диалектілерде әр түрлі сөздердің сәйкес келуі; 3) бір сөзге түрлі диалектілерде әртүрлі ұғымдардың сәйкес келуі; 4) сөздердің грамматикасындағы айырмашылықтар; 5) сөздердің фонетикасындағы ерекшеліктер. Қазіргі зерттеушілер ноғай тілінің екі диалектісін: қара ноғай және кубань диалектілерін көрсетуде [5, 492 б.]. Ноғай әдеби тілі қараноғай диалектісі мен ноғай говору негізінде қалыптасқан.

Ноғай тілі түркі тілдерінің солтүстік-батыс (қыпшақ) тобының қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бойынша ноғай тіліне ең жақыны – қазақ, қарақалпақ, қырым-татарларының солтүстік-далалық диалектісі мен өзбек тілінің кейбір диалектілері болып табылады.

Ноғай тілінің қазақ және қарақалпақ тілдерімен туыстық тамыры тереңде – оларға жалпы фольклордың көне түрлері: мақал-мәтелдер, сондай-ақ батырлар жыры мен өлеңдер ортақ. Бұл үш халықтың әдебиетінің түп тамырлары да бір, ежелгі ақындар да үш халыққа да ортақ. Ноғайдың мәдени мұраларында музыкалы-поэтикалық өнер басты орын алады.

Ноғай тіліндегі алғашқы әдеби ескерткіштер XIV ғасырға, ноғай мемлекетінің қалыптасу дәуіріне, жатады. XX ғасырға дейінгі ноғай әдебиетінің ерекше белгісі – поэзиялық шығармалар: өлеңдер, поэмалар, монологтер, одалар, элегиялар. Ноғайлардың халық ауыз әдебиеті мұралары өте бай. Танымал эпостық шығармаларға «Копланлы батыр», «Орак», «Мамай», «Эр Косай», «Эр Шобан», «Эр Кокше», «Камбар», «Эр Саин», «Возийгит», «Кыз-Йибек», «Козы Корпеш-Баян-Сылу», «Тахир-Зухра», «Эдиге», «Шора батыр», «Эр Таргын», «Адил Солтан» т.б. жатқызуға болады. Ортағасырлық ноғай ақындары Асан Кайғылы (XIV ғ.), Шал-Кийиз Тилеңшиулы (XV ғ.), Қазы-Тувған Суйинишулы, Досмамбет Азавлы (XVII ғ.) шығармалары ұлттық поэзия классиктері саналады, музыка мәдениетінде Коркут-Ата (VIII-IX ғ.), Кет-Буга Найманлы (XIII ғ.) туындылары белгілі.

Ноғай кеңестік әдебиетінің қалыптасуы А.Ш. Джанибеков және М.К. Курманалиевтердің ағартушылық қызметімен байланысты. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары олар ноғай фольклорын жинауды жалғастырды, жазуды латын графикасына көшірумен айналысты. Сонымен қатар олар ноғай әдеби тілін қалыптастырды. Зеид Кайбалиев, Басир Абдуллин тағы басқа жазушылардың шығармашылығы олардың қызметімен тығыз байланысты болды. Ноғай жазуын шығарған, тұңғыш ноғай әліппесі мен грамматикасының авторы, этнограф-ғалым Абдулхамид Джанибеков (1879-1955). Ноғай тілінде жазған ақындар мен жазушылар: Абдулжалилов Фазиль Апасович (1913-1974), Джанибеков Абдулхамид Шершенбиевич (1879-1955), Капаев Суюн Има-малиевич (1927-2001), Капаев Иса Суюнович (1949), Кумратова Келдихан (1944), Темирбулатова Кадрия Оразбаевна (1949-1979) [6].

Дағыстанда тұратын ноғайлардың басым көпшілігі өздерінің ана тілі – ноғай тілін біледі. Сонымен қатар олардың арасында құмық тілі де кең тараған. 1136 ноғайлық құмық тілін ана тілі деп есептейді, олар бірнеше ғасыр бойы құмықтармен көрші өмір сүреді.

Дағыстанда ноғай тілін оқыту деңгейі өте төмен. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мүлде қамтылмаған, балабақшалар тек орыс тілінде жұмыс істейді. Бастауыш мектептік білім беру тек қана орыс тілінде жүзеге асырылады, жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбынан барлық пәндер орысша оқытылады. Ноғай тілі мектепте тек пән ретінде оқытылады, оны оқытуға бөлінген сағат саны мейлінше қысқартылуда. Бүгінгі таңда ана тіліне аптасына 2 сағат қана, ал әдебиет сабағына 1 сағат бөлінген [7].

1950-жылдардың соңында Ставрополь өлкесі мен Шешен-Ингушетия басшылығы ноғай мектептерін жапты, ноғай тілінде газет шығару тоқтатылды.

1980-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында ноғай қоғамдық ұйымдар өкілдері ана тілін оқып үйрену мәселесін көтерді, олардың арасында «Бирлик» ұйымы өте бел-

сенділік танытты. Осы ұйымның арқасында кеңес заманында ноғай тілін оқыту қысқартылған аудандарда қайтадан қолға алынды.

Ноғай тілі оқытушыларын дайындау үшін қоғамдық ұйымдар 1992 жылы Дағыстанның Ноғай ауданының орталығы – Терекли-Мектеб ауылында Хасавюрт педагогикалық колледжі филиалын ашуға қол жеткізді. Бұл филиал 21 жыл бойы ноғай тілі оқытушыларын Дағыстан мемлекетіне ғана емес, Ставрополь өлкесі, Шешен Республикасы және Астрахань облысына да дайындады. Сондай-ақ, ноғай тілі мұғалімдерін өз бетінше дайындаған Қарашай-Черкесияға да дайындады. Өкінішке орай, 2013 жылы филиалға оқушы жиналмағандықтан жабылды. Мұндай жағдай ана тілін үйренушілер мен оқытушылар үшін нашар ықпал етуде. Дағыстан Республикасы астанасы – Махачқалада Дағыстан мемлекеттік университеті филиалы факультетінде ноғай тілі бөлімі бар. Бірақ ең азы 50 адам қабылдаудың орнына бір ғана студент білім алуда. Сондықтан бөлімді жабу немесе құмық филологиясы бөліміне қосу қаупі бар.

Ноғай тілі бүгінде Дағыстан Республикасының ақпарат кеңістігінде қолға алынған. Ноғай тілінде әдебиеттің сапасы заманауи талапқа сай болмаса да басылуда. Ноғай тіліндегі республикалық газет «Шьол тавысы» («Голос степи»), балалар журналы «Лашын» («Соколенок») шығады. Республикалық мемлекеттік телеарнада ұлттық канал жұмыс істейді, радиохабар таратылады. Әйтсе де хабар тарату уақыты мардымсыз, мәселен, радио хабарларына аптасына 20 минут қана бөлінген. Бұдан басқа Терекли-Мектеб ауылында ноғай тілінде пьеса қоятын Ноғай мемлекеттік драма театры ашылады деп күтілуде.

Қарашай-Черкесияда республикалық газет «Ноғай давысы» («Голос ногайцев») шығарылады, радио және телехабарлар таратылады. Черкескіде бірнеше жылдан бері «Половецкая луна» атты қоғамдық-саяси және көркем-әдеби ноғай журналы жарық көруде. Дағыстандағыдай ноғай тілі ақпараттық кеңістіктен ығыстырылуда, соңғы уақыттарда республикадан тыс жерлерге еңбек көші-қонының артуына байланысты тұрмыстық саладан да шеттелуде.

Ноғай тілін, тарихын, этнографиясын, мәдениетін зерттеудің орталығы – Черкесск пен Махачқала қалалары. Екі орталықтың (Черкесск, Махачқаланың) болуы ноғай әдеби тілінің дамуына кедергі келтіруде. Ноғай әдеби тілінің негізін қалаушы Абдулхамид Шаршембиевич Джанибеков, Астрахан ноғайларының өкілі, әдеби тілдің негізіне Дағыстан мен Шешенстан территориясына тараған қараноғай диалектісін алған. Бүгінгі күні әдеби норманың екі нұсқасы бар деп есептеледі: Дағыстанда – қараноғай диалектісі негізіндегі және Қарашай-Черкесияда кубань диалектісі негізіндегі әдеби тіл. Сондықтан оқушыларға ноғай тіліндегі әдеби норма қайсысы екендігін ажырату қиынға соғуда.

Дағыстанда және Қарашай-Черкесияда әдебиет мардымсыз жарық көруде. Қазіргі ноғай-орыс сөздігінің қажеттілігі айқын сезілуде. 15 мың сөз қамтылған соңғы басылым 1963 жылы жарық көрген. Сол кезеңнен бері бұл сөздік библиографиялық сирек кітапқа айналған және моральдық жағынан ескірген. Черкесск филологтері 40 мың сөзден тұратын сөздікті баспаға дайындағанымен, осы уақытқа дейін жарық көрмеген. Ол тек ноғайларға ғана емес, түркі тілдерін зерттеумен айналысып жүрген кәсіби филологтерге де өте қажет еңбек болар еді. Тілдік ассимиляция үдерісінің күшеюі – ноғайлар үшін өте алаңдатарлық жағдай. Жүз-мыңдаған ноғайдан 97438 адам ана тілін біледі, ал 3804-і орыс тіліне көшкен. Бұл ноғайлардың Орал мен Сібірдің мұнайлы аудандарына көшіп-қонуы да ықпал етуде. Ол аймақтарда әрбір оныншы ноғай мекен етеді, олардың отбасындағы балалар сөзсіз орыс тіліне көшуде. Ноғайлардың өз арасында ноғай тілінде сөйлеспеуі, олардың өзара басқа тілдерде қарым-қатынас жасасуы сол тілдерге артықшылық беруде. Бұл қазіргі уақытта ноғай тілінің тұрмыстық салада ғана қолданылуына себеп болуда.

Қорытынды. Ноғай тіліне мемлекеттік мәртебе берілген республика-лардың өзінде іс жүзінде қоғамдық-саяси өмірде елеусіз тіл болып отыр. Тіпті ноғайлар тығыз орналасқан

